**"Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру шаралары туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 19 тамыздағы N 234-ө Өкімі. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2004.12.30. N 383 өкімімен.

1. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі екі ай мерзімде "Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілерді мемлекеттік тізілімде тіркеу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне қарауға енгізсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы мен өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) екі ай мерзімде "Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдер қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК